

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
26.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 26.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2012 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев мырзаға беріледі.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2012 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Хаттамаға 2019 жылы 12 шілдеде Бішкек қаласында Қазақстан мен Қырғызстан премьер-министрлері қол қойды.

Хаттама Мемлекеттік шекараны өту үшін құжаттар тізімінен балаларға арналған анықтама-жапсырмасы бар туу туралы куәлікті алып тастауды көздейді.

Аталған норма тек Қырғызстан Республикасымен жұмыс істейді, басқа мемлекеттермен бұл норма көзделмеген.

Сонымен бірге жеке басын идентификациялау механизмі жоқ, туу туралы куәлік пен қосымша бет шекарадан өткенде сканерден өткізілмейді.

2006 жылдан бастап бүкіл әлемде халықаралық шекараны өту кезінде, биометриялық жол жүру құжатын алып жүру міндетті болды, ал Қазақстан Республикасында осы міндет 2009 жылдан бастап енгізілді.

Биометриялық паспорттар саласындағы стандарттарды белгілейтін (ИКАО) халықаралық азаматтық авиация ұйымы, бетті биометриялық деректер негізі ретінде таңдап алды.

Құрметті депутаттар! Хаттаманы ратификациялау балалардың елге кіріп шығуын халықаралық стандарттарға сәйкес, жеке басын идентификациялауға мүмкіндік береді.

Аталған заң жобасын қабылдау әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды және қосымша қаражатты қажет етпейді. Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! Өз баяндамаңызда Сіз балалар үшін паспорттардың болуы туралы талапты енгізу анықтама-жапсырма кәмелетке толмаған балаларды қылмыстық мақсатта әкетудің алдын алуды қамтамасыз етпейтіндігіне байланысты атап өттіңіз.

Осыған байланысты, маған жауап беріңізші, кәмелетке толмаған балаларды заңсыз әкету талпыныстары немесе жасалған әрекетінің фактілері бар ма?

Және Қырғызстан азаматтарының кәмелетке толмаған балалармен біздің еліміздің аумағында заңсыз болу жағдайлары бар ма? Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Соңғы бес жылда Қырғызстан азаматтарының кәмелет жасқа толмаған балалары шекараны заңсыз өткені туралы фактілер бізде жоқ. Бірақ Қазақстан азаматтарының кәмелетке толмаған балалары шекараны заңсыз өткені бойынша бес жылда 18 факт бар. Қылмыстық кодекстің 125-бабы бойынша 18 фактіге іс қозғалған. Қылмыскерлер жауапқа тартылған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкіліне арналады.

Жақында Қырғызстанмен шекарадағы «Қордай» өткізу пунктін реконструкциялау басталды. Бұл Қазақстан мен Қырғызстанның күре жолындағы ең үлкен өткізу пункті болып табылады. Күніне 10 мыңнан аса азаматтарды сол жерден өткізетін өткізу пункті. Осы бекетте құрылыс жұмыстарының басталуына байланысты басқа шекарадағы пункттерге қосымша жүктеменің түсуіне алып келеді, әсіресе жаз айында.

Оның ар жағында «Қарасу» пункті негізгі жүк көліктерін өткізетін пункт. Ол жерде күніне кептеліс болады. «Аухатты» мен «Сартөбе» пункттері шағын ғана пункттер. Осы орайда менің сұрағым бар.

«Қордай» пунктін реконструкциялау қашан аяқталады және басқа пункттерге, әсіресе жазғы туристік маусым барысында түсетін жүктемені ұлғайтуға шекара дайын ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз Шекара қызметі директорының орынбасары Мырзабаев мырзаға беріледі.

МЫРЗАБАЕВ Е.Ж. Спасибо за вопрос.

Реконструкция пункта пропуска «Кордай» начато в январе 2020 года. Вопросы реконструкции данного пункта в компетенции Министерства индустрии и инфраструктурного развития. В прошлом году мы в установленном порядке передали данный пункт пропуска на баланс уполномоченного органа – Министерство индустрии и инфраструктурного развития.

Что касается сроков, то по поручению Главы государства они ожидают завершения реконструкции в декабре 2020 года. Аналогичные работы проводятся на кыргызской стороне. Они также начали реконструкцию данного пункта пропуска.

Что касается увеличения нагрузки. В данном случае мы не предвидим таких серьезных нагрузок. В настоящее время пункт пропуска «Карасу» функционирует в штатном режиме. С нашей стороны усилены пограничные наряды. Кроме того, сегодня ожидается поступление письма по линии Министерства иностранных дел, в соответствии с которым пункты пропуска «Аухатты» и «Сартобе» становятся многосторонними. Поэтому потоки граждан также будут направлены в эти пункты пропуска. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо. Басқа сұрақтарымыз жоқ.

Ерлан Заманбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Еліміз екіжақты ынтымақтастықтың өзара тиімді қарым-қатынастарын дамытып келе жатқан, сондай-ақ өңірлік халықаралық ұйымдар шеңберінде Қырғыз Республикасы біздің стратегиялық әріптесіміз болып табылады.

Екі елдің мемлекеттік шекарасын кесіп өту үшін қажетті құжаттар тізімінен 16 жасқа толмаған балалардың туу туралы куәліктері мен оны растайтын қосымша анықтамасын тізімнен алып тастау туралы хаттамаға өзгерістер енгізу дұрыс, өйткені баяндамашы атап өткендей құжаттың бұл түрі Қазақстанның заңнамалық актілерімен реттелмеген және ол тек Қырғызстанмен ғана қолданылады.

Бұл норма мемлекеттік шекараны екі жағынан кесіп өткен кезде 16 жасқа дейінгі балаларға жалпы қабылданған халықаралық төлқұжат нормасын қолдануға мүмкіндік береді.

Заң жобасы жұмыс тобында қаралды, барлық тұрақты комитеттер оң қорытындыларын берді.

Баяндалғанның негізінде заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамыз. Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Магеррам Мамедович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған хаттаманы ратификациялау тараптардың, сондай-ақ олардың азаматтарының құқықтары мен мүдделерінің кеңінен сақталуына кепілдік беретін болады.

Сыртқы саяси саладағы ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қорғауға, халықаралық аренада екіжақты және көпжақты форматтағы өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған осындай қызмет халықаралық құқықтық реттеуді талап етеді. Мұндай реттеу салалардың бірі – азаматтардың болу тәртібі болып табылады.

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартта Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы бауырлас, әрі достас мемлекеттер бола отырып, өз қарым-қатынастарын өзара түсіністік, жан-жақты ынтымақтастық пен өзара сенім негізінде құрады деп белгіледі.

Біз қарап отырған хаттама 2012 жылғы 11 мамырдағы екі мемлекет арасындағы келісімде нақты бір бапты өзгертуді көздейді. Ол уағдаласушы тараптар заңсыз миграциямен, ұйымдасқан қылмыспен күрес мүдделері, сонымен қатар қылмыстық мақсаттарда кәмелетке толмаған балаларды кіргізу мен шығаруды ескерту қажеттігі. Жеке басын куәландыратын құжат қана емес жол жүру құжаттарының болуын талап ету арқылы өз азаматтығымен мемлекетінен шығу мүмкіндіктерін шектей отыра аталған келісім мәтініне өзгерістер енгізуді көздейді.

Шарттың ережелері халықаралық құқықтық, жалпыға бірдей танылған қағидаттармен үйлеседі, әрі қолданыстағы ұлттық заңнамаға қайшы келмейді.

Осы хаттаманы ратификациялау бір мемлекет азаматтарының екі мемлекеттің аумағында болуы үшін қолайлы жағдай жасайды, сондай-ақ заңсыз көші-қонға, ұйымдасқан қылмысқа және кәмелетке толмаған балаларды қылмыстық мақсатқа әкелуге және әкетуге қарсы күрестегі тиімді құрал болып табылады деп ойлаймын.

Әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулы жобасы бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103 депутат, «жақтағандар» – 103 депутат. Қаулы қабылданды.



Дүрғалиев: Құжаттаманы қамтамасыз ету бағамында саяси міндеттерімізді шешу мақсатында.